

қатар өңірдің топонимдері тек тарихи ғана емес, мәдени араласудың да көрінісі бола алғаны байқалды. Қазақ, ноғай, орыс, татар және башқұрт халықтарының өзара ықпалы топонимиялық картадан анық көрінеді. Бұл Орал аймағының этнотарихи тұрғыдан ерекше аймақ болғанын дәлелдейді. Жалпы, зерттеу жұмысы Орал өңірінің жер-су атаулары - тарихи жадының бөлігі екенін, оларды зерттеу мен сақтау маңызды екенін көрсетті. Әрбір атаудың артында ұлт тарихы, халық тәжірибесі, географиялық ерекшелік жатыр. Сондықтан топонимдерге құрметпен қарау - мәдени мұраны қорғаудың бір жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.БҚО тарихы. - Орал: Өлкетану орталығы, 2016.- 80-96.
- 2.Қойшыбаев Е. *Қазақстанның жер-су атаулары*. - Алматы: Мектеп, 1985. -44-67.
- 3.Қазақ ұлттық энциклопедиясы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. -120-124.
- 4.Төлегенов Ә. «Батыс Қазақстан топонимиясының мәселелері». // *Тарих және география журналы*, 1997. - №3. -22-29.
- 5.Жанұзақов Т. *Қазақ ономастикасы*. - Алматы: Ғылым, 2006. -15-37.
- 6.Султанов Т. *Көшпелілер тарихы*. - Алматы: Атамұра, 1997. -98-115.
- 7.Уральск. Историко-энциклопедический справочник. - Орал, 2010. -13-25.

ҰЛЫТАУ ӨңІРІНІҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Аликулов Е.Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті
ersagynalikulov@gmail.com

Астана қ.

Бұл мақала Ұлытау өңірінің ономастикалық кеңістігін зерттеуге арналған. Ерте дәуірлерден бастап тарихи-мәдени процестердің маңызды торабында орналасқан Ұлытау аймағы қазақ халқының этникалық, саяси және рухани тарихында ерекше орын алады. Ұлытау аттары - табиғи нысандарды сипаттап қана қоймай, сонымен бірге ежелгі тайпалардың қоныстану іздерін, тарихи оқиғаларды, әулие-әмбиелерге қатысты аңыздарды, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерді және түркілік мифологиялық түсініктерді сақтаған көпқабатты дереккөздер. Мақаланың мақсаты - Ұлытау өңірінде кең таралған топонимдер мен микротопонимдердің шығу тегі, семантикалық дамуы мен ономастикалық құрылымын лингвистикалық, тарихи және мәдени контексте талдау. Зерттеудің теориялық негіздері ретінде Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, А. Әбдірахманов, С. Қоныбай, сондай-ақ Ұлытауды тікелей зерттеген ғалымдар - Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, Қ. Байпақов еңбектері пайдаланылды. Дереккөз ретінде мұрағат құжаттары, тарихи-этнографиялық материалдар, халық ауыз әдебиеті үлгілері және жергілікті тұрғындардан жиналған мәліметтер қолданылды. Мақалада Ұлытау, Алтыншоқы, Жошы хан, Алаша хан кесенесі, Терісаққан, Сарыкеңгір, Қаракеңгір, Басқамыр, Аяққамыр тәрізді атаулардың этимологиясы мен тарихи мәні қарастырылады. Зерттеу нәтижелері Ұлытау топонимдерінің аймақ тарихындағы сабақтастықты, мифологиялық-тарихи стратификацияны және түркілік ономастикалық дәстүрдің тұрақтылығын көрсетеді.

Кілт сөздер: Ұлытау, топонимдер, ономастика, тарихи атаулар, Жошы хан, Алаша хан, этимология, түркілік таным, мәдени мұра.

Аннотация

Данная статья посвящена изучению ономастического пространства Улытауского региона. С древнейших времен Улытауский регион находился на важном стыке историко-культурных процессов и занимал особое место в этнической, политической и духовной истории казахского народа. Улытауские названия являются многослойными источниками, которые не только описывают природные объекты, но и хранят следы расселения древних племен, исторические события, предания о святых, хозяйственно-культурные особенности, тюркские мифологические представления. Цель статьи - проанализировать происхождение, семантическое развитие и ономастическая структура топонимов и микротопонимов, распространенных в Улытауском регионе, в лингвистическом, историко-культурном контексте. Теоретическую основу исследования составили труды Т. Жанузакова, Е. Койшыбаева, А. Абдрахманова, С. Кобыбая, а также ученых, непосредственно изучавших Улытау - К. Сатпаева, А. Маргулана, К. Байпакова. В качестве источников были использованы архивные документы, историко-этнографические материалы, образцы народной литературы и сведения,

собранные у местных жителей. В статье рассматриваются этимология и историческое значение таких названий, как Улытау, Алтыншоки, Джучи-хан, Мавзолей Алаша-хана, Терисаккан, Сарыкенгир, Каракенгир, Баскамыр, Аяккамыр. Результаты исследования демонстрируют преемственность топонимов Улытау в истории региона, мифологическую и историческую стратификацию и устойчивость тюркской ономастической традиции.

Ключевые слова: Улытау, топонимы, ономастика, исторические названия, Джучи-хан, Алаша-хан, этимология, тюркские знания, культурное наследие.

Abstract

This article is devoted to the study of the onomastic space of the Ulytau region. Since ancient times, the Ulytau region has been located at an important junction of historical and cultural processes and has occupied a special place in the ethnic, political and spiritual history of the Kazakh people. Ulytau names are multi-layered sources that not only describe natural objects, but also preserve traces of the settlement of ancient tribes, historical events, legends about saints, economic and cultural features, and Turkic mythological concepts. The purpose of the article is to analyze the origin, semantic development and onomastic structure of toponyms and microtoponyms widespread in the Ulytau region in a linguistic, historical and cultural context. The theoretical foundations of the study were used by T. Zhanuzakov, E. Koishybayev, A. Abdrakhmanov, S. Konybai, as well as scientists who directly studied Ulytau - K. Satpayev, A. Margulan, K. Baipakov. The sources used were archival documents, historical and ethnographic materials, samples of folk literature and information collected from local residents. The article examines the etymology and historical significance of such names as Ulytau, Altynshoky, Jochy Khan, Alasha Khan Mausoleum, Terisakkan, Sarykengir, Karakengir, Baskamyр, Ayakkamyр. The results of the study demonstrate the continuity of Ulytau toponyms in the history of the region, mythological and historical stratification and the stability of the Turkic onomastic tradition.

Keywords: Ulytau, toponyms, onomastics, historical names, Jochy Khan, Alasha Khan, etymology, Turkic knowledge, cultural heritage.

Кіріспе

Ұлытау өңірі - қазақ даласының көне тарихы мен ұлттық жадын айрықша сақтап қалған қасиетті географиялық аймақтардың бірі. Бұл өңірдің ономастикалық кеңістігі - жер-су атаулары, тарихи нысандар, тау-жота, қыстау-тұрақ, өзен-көл атаулары - сан ғасырлық этникалық, мәдени, саяси өзгерістердің куәсі болып табылады. Ұлытау атауының өзі түркілік дүниетанымда «ұлы», «биік», «қасиетті» деген мағыналарды білдіріп, аймақтың сакралды мәнін айқын көрсетеді. Мұнда орналасқан Жошы хан мазары, Алаша хан кесенесі, Едіге, Тоқтамыс секілді тарихи тұлғаларға қатысты жер атаулары - дала өркениетінің терең қатпарларын танытатын ономастикалық қабаттардың бір бөлігі ғана

Ұлытау топонимдері тек географиялық бағдар көрсетуші атаулар емес, сонымен қатар халықтың рухани дүниесі мен тарихи жадын бейнелейтін мәдени феномен болып табылады. Аймақтағы Шыңғыс ұрпақтарына, Алтын Орда тарихына, ортағасырлық керуен жолдарына байланысты қалыптасқан атаулар қазақ этногенезінің маңызды кезеңдерін айқындайды. Сонымен қатар Арғанаты, Жезді, Байқоңыр, Қаракенгир, Сарыкенгир, Терісаққан, Кеңгір сияқты гидронимдер мен оронимдер табиғи ландшафт ерекшеліктерімен ғана емес, сол өңірдің шаруашылық өмірі мен көне этникалық қабаттарының ізімен тығыз байланысты. Ұлытау ономастикасына қатысты ғылыми зерттеулер ХХ ғасырдың ортасынан бастап жүйелі түрде жүргізіле бастады. Бұл бағытта Ә.Х. Марғұланның археологиялық және тарихи-этнографиялық еңбектері, Е. Қойшыбаевтың топонимдік зерттеулері, Т. Жанұзақовтың ономастикалық талдаулары, сондай-ақ жергілікті өлкетанушылардың материалдары негізгі дереккөздер болып табылады. Олардың еңбектері Ұлытау атауларының төркінін, семантикалық құрылымын, тарихи-мәдени негіздерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің өзектілігі - Ұлытау өңірінің топонимдері арқылы қазақ халқының тарихи жады мен мәдени сабақтастығын жан-жақты ашу. Қазіргі ономастика ғылымы лингвистика, тарих, география, этнография және мәдениеттану сияқты бірнеше саланың тоғысында дамып келеді. Сондықтан Ұлытау ономастикасын зерттеу - тек тілдік талдау ғана емес, тұтас аймақтың тарихи-мәдени бейнесін қалпына келтіруге бағытталған кешенді ғылыми міндет. Ұлытау атауларын зерделеу - Қазақстанның рухани мұрасын терең түсінуге, тарихи ұлттық кеңістіктің қалыптасу динамикасын ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеуде Ұлытау өңірінің ономастикалық жүйесін талдауға бағытталған бірқатар ғылыми әдістер қолданылды. Ең алдымен топонимдік жіктеу, тарихи-салыстырмалы және этимологиялық талдау әдістері арқылы аймақтың жер-су атауларының шығу тегі анықталды. Ұлытау, Арғанаты, Кеңгір, Жезді, Қаракенгир сияқты атаулардың семантикасын ашу үшін түркілік лексикалық негіздерге

сүйенген салыстырмалы материалдар пайдаланылды. Зерттеу барысында Ә.Х. Марғұлан, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев секілді ғалымдардың еңбектері, архив деректері, тарихи-географиялық жазбалар және аймаққа қатысты топонимдік карталар негізгі материал ретінде қолданылды. Сонымен қатар жергілікті тұрғындардың ауызша деректері, өңірдегі археологиялық зерттеулер нәтижелері және заманауи географиялық жүйелер мәліметтері салыстырылып, Ұлытау ономастикалық кеңістігінің тарихи дамуын жан-жақты анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Ұлытау өңірінің территориясы Орталық Қазақстан өңірінде ең үлкен болып есептеледі. Ал, мұншама ұланғайыр территорияларда мыңдаған топонимдер орналасқан және бұл аудандар ежелден бері көшпелі тұрмыс-тіршілікке байланысты пайдаланылғандықтан, топонимикалық жүйесі өте бай және ауқымды. Ұлытау территориясында орналасқан топонимдердің жүйесін анықтау қажеттілігі осындай себептерден де туындайды. Жер-су атаулары - тарих жазбасы. Ұлан-байтақ даланың өн бойын қоныс еткен халқымыз көшпенді тұрмыс кешті. Мал өсірді, жан бақты. Бұған жаугершілік заманның қилы кезеңдерін қоссақ, дала халқы ғасырлар бойы адам айтса нанғысыз оқиғаларды бастан кешірді. Кешіре жүріп өмірді тануға, табиғаттың тілін түсінуге, дүние сырын білуге ұмтылды. Міне, осы оқиғалардың із-түзсіз кеткен жоқ. Ол не фольклорлық шығармаларда, не тарихи шежірелерде, болмаса, жер-су атауларында жазылып қалды. Ендеше, белгілі бір өңірдің топонимдерін зерттеу арқылы да ұлтымыздың табиғатын, танымын, талғамын тануға болады. Белгілі ғалым, даңқты тұлға Қаныш Сәтбаев Ұлытау - Жезқазған өңірінде геологиялық барлау жұмысын жүргізгенде жер қыртысының табиғатына, бұрғылау жұмыстарының қорытындыларына ғана сүйенбеген, дана ғалым зерттеу барысында жер-су атауларына да ерекше мән берген. Даңқты геологтың: «Мыңшұңқыр. Демек бұл жерде байырғы кен қазба орындары болған. Қаратас. Халық ұғымында былай деп темірді емеурін етеді. Көктас. Былай аталған жерде мыс бар деп топшылауға болады. Алтынтапқан атауы - алтынның бар екенін аңғартады. Әрине тегін емес. Жезқазған. Демек, жез өндірілген жер деген сөз. Жыланды. Түсті металл рудасы бар болу керек», деген жазулары айтқанымыздың дәлелі [1. 164].

Ғалым белгілі бір оқиғаларға, не табиғат ерекшелігіне байланысты қойылған атаулар сол жердің ерекшелігінен хабар беріп тұрғандығын, кездейсоқ қойылмағандығын ескерген. Мәселен, «Қорғасын», «Ақтас», «Жылаңды», «Борсеңгір» т.б. атаулар жер жынысының құрамына қатысты қойылған атаулар екендігі байқалып тұр. Айта кету керек, Ұлытау-Жезқазған кенді аймағында осындай атаулар көп. Ұлытау - ежелгі заманның көне сырларын, табиғат тылсымын, ел тарихын ішіне бүккен шежірелі өлке. Қыртысты тарихтың кітабы десе де болады. Осы өңірдің өн бойын қамтыған жер-су атауларын зерттеп, тану арқылы әлгі құпия шежіренің сырын ашу бүгінгі күннің міндеті екені түсінікті. Ғылыми еңбектерде айтылып жүрген мына бір пікірге тоқтала кетсек. Атақты ғазнауилік ғалым Әбу Саид Гардизидің XI ғасырда жазған «Зайн - әл-ахбар» («Баяндау көркі») атты еңбегі - тарихи құнды дүние. Қарт Ұлытау жайлы деректің бір ұштығын осы еңбектен табамыз. Аталмыш еңбекте: «Қимақтарға шығатын жол жайлы айтсақ, әуелі Фарабтан «Жаңа қонысқа» барасын; сол жаңа қоныстан қимақ еліне қарай жүргенде, жолда өзен кездеседі, одан өткен соң алдыңнан бұйра-бұйра құм шығады; түркілер оны Уюкман деп атайды. Әрі қарай Сокук өзеніне жетесін; одан өткеннен кейін тұзды сорларды басып өтесін. Әрі қарай Кендіртағы тауы басталады. Жолаушылар өзенді жағалай өскен қалың шөп, жайқалған ну тоғайдың ішімен жүріп отырып, биік тауға, өзеннің бастауына жетеді. Осылай тар шатқалдағы жолмен тауға көтеріледі. Сол Кендіртағы тауына шығып, Асус өзеніне тіреледі» деген жолдар бар екен. Осы жолдардағы жер-су атауларын ғалымдар былайша тарқатып береді: Фараб - Отырар қаласы, Жаңа қоныс - Отырар төңірегіндегі Кедер, Уюкман - Мойынқұм құмы; Сокук - Сарысу өзені; Асус - Есіл өзені және Кендіртағы - қазіргі Ұлытау. Ұлт ұясы Ұлытау жайлы маңызы күшті деректер өңіріне қатысты аса құнды деректерді XII ғасырда өмір сүрген арабтың белгілі географ - ғалымы, саяхатшысы Әл - Идрисидің «Нусхат Әл - Муштақ фи Ихтарах әл - Афақ» атты шығармасында да кездеседі.

Ұлытау өңірінің аумағы Орталық Қазақстан өңіріндегі ең үлкені болып саналады. Осыншама ұланғайыр территорияның топонимдерге бай болуы заңдылық. Жалпы Ұлытау атауының шығуы туралы пікірлерге шолу жасасақ, қызықты деректерді кездестіруге болады. Негізінде, Ұлытау - Сарыарқаның оңтүстік-батысында орналасқан тау. Сондай-ақ, Қарағанды облысының батысында Ұлытауаталатын аудан да бар. «Көне түркі жазба ескерткіштерінде Ұлытау атауы "ұлығ", демек, үлкен, ұлы, күшті деген мағыналарды білдіреді. Бірақ бұл мағыналар "Ұлытау" атауына сәйкес келе бермейді. Себебі, көне тілдерде "ұлығ" сөзінен басқа, "ұлық" деген сөз бірде "шоқтық", кейде "ескі, тозған" дегенді білдіреді. Осындағы "ұлық" тау сөзімен тіркесіп, "Ұлық тау" болып кеткен» деген пікір бар. Осыған ұқсас пікірді қазақ зерттеуші Ә.Нұрмағанбетұлының жазбаларынан көруге болады: «Ұлытау» атауы, қазіргі түсінігіміздегідей, «биік, үлкен тау» дегенді білдірмейді. Оның ертедегі тұлғасы «ұлық

тау», немесе «ала тау», қалпында тіркесіп, тұңғыш мағынасы «шоқтық тау», «аласа тау» сияқты ұғымға мезгелен. Уақыт өте «ұлық тау», немесе «ала тау», дыбыстық өзгерістерге душар болуы нәтижесінде қазіргі кездегі «Ұлытау» атауы пайда болған» [2.64].

Ұлы Дала - адамзат баласы жаралғаннан бері қилы-қилы замандардың, әлемдік тарихтың діңгегіне айналған небір айтулы оқиғалардың тұнба көзі болған кең байтақ кеңістік. Ұлытау - сол кеңістіктің кіндігі. «Ұлытау» атауының мән-мағынасы мен топонимін түсіндіруге арналған төмендегі екі болжам ерекше назар аударуға тұрарлық. Орыс зерттеушілері парсы және орыс жазба деректерінің негізінде «Ұрықтағ, Ұлықтағ» және «Ұлытау таулары» түркі-моңғол географиялық топонимінің аудармасының нұсқалары ретінде «Рулық тау» («ұрық» - моңғолдар мен түріктер де - «ұрпак, туыс, ру, тайпа», «тағ» - тау) және Жошы ұрпақтары үшін ерекше қастерлі Ұлытау, Алтын Орда хандарының жазғы жайлауы; Ұрықтағ, Ұлықтағ таулары - Тоқтамыс иеліктерінің оңтүстік-шығысындағы ең шеткі нүкте, естелік белгі Ұлытауға көрінер тұстағы шоқының төбесіне орнатылған деп пайым ұсынған. Тарихшы - шежіреші Әбілғазының өзінің «Түрік шежіресі» атты еңбегінде: «Қазіргі Ұлытау мен Кішітау дегендерді ол кезде Ертағы және Кертағы деп атайтын» деген пікірлері бізді тарих қойнауына тарта түседі [3.203].

Айтайын дегеніміз, тіл мәселесі сөз болған жерде өңір тарихы сырт қалмауы қажет. Ал, өңір тарихының жазбасы - жер-су атаулары. Жоғарыда айтқан Кеңдіртағы, Ертағы, Ұлытау атауларының арасын жалғап жатқан үлкен тарих бар. Әлгі атаулар - соның тілдік таңбасы. Егер ежелгі Ұлытау төңірегін мекендеген тайпаларды жалпы атаумен гуздар деп атаса, онда Кеңгір атауындағы -гір, -гуз сөздерінің арасында байланыс жатқан жоқ па деген сауалдың да басы көрініп тұр. Жалпы, осы Кеңгір атауына байланысты тағы бір пікір профессор А.С.Аманжоловтың «Түркі филологиясы және жазу тарихы» атты еңбегінде де айтылады. Ғалым Кеңгерес атауының Күлтегін ескерткішінің 39-жолында қашалған сөйлемде кездесетіндігін айта келіп: «Кеңгерес сөзінің тегіне үңіліп көрсек: Кеңгір (Кеңер, Кеңір) - түбірі Кеңгер де, -ес - өлі жұрнақ. Кеңгерес атауы - Сарысу мен Кеңгір алқабының бір кездегі аты, ол Сыр мен Шу бойына жалғасады. Бұл атау VIII ғасырда Сырмен жанасып жатқан Қазіргі Орталық Қазақстанның дархан даласы - Сарыарқаны мензейді. Түптеп келгенде Кеңгір өзенінің атауы көне түркі тілінен алынғандығы анық», - дей келе, кеңір сөзіне талдау жасайды. Қырғыз тілінде кеңир (кеңири, кеңри) - «кең, мол, жалпақ» сөзін білдіретіндігін, осыған байланысты қырғыздарда «кеңирсиген Кең Талас» деген тіркестің бар екендігін, сондай-ақ, ұйғыр тілінде кәңру (кәңрі) - «көп, мол», кәңручилик - «кеңдік, кең байтақ» мағынасын беретіндігін айта келіп, тіліміздегі Кеңгір - өзенінің атауын да осы кеңдікпен байланыстырады [3.86].

Ұлытау туралы айтқанда, біз Батыс Сарыарқаның бүкіл аласа тау жотасын айтамыз, ол солтүстік бөлігі Арғанатаны, орталық және ең биік бөлігі Ұлытауды және оңтүстік бөлігі Кішітауды қамтитын үш тау шоғырын біріктіреді. Ұлытау - Қарағанды облысының батыс бөлігін алып жатқан Қазақстандағы ең көне тау жотасы. Негізгі тау денесі негізінен көктемде ағын су ағатын шатқалдармен бөлінген жалаңаш және жартасты граниттен тұрады. Жер асты еріген су қоймаларына бай беткейлерде қайың мен терек тоғайлары кездеседі. Ұлытау солтүстіктен оңтүстікке қарай шамамен 200 км созылып жатыр. Ең биік нүктесі - Әулиетау (Ақмешіт) тауы (1131 м). Географиялық тұрғыдан Ұлытау солтүстікте Терісаққан өзенінің бастауынан оңтүстікте Телікөл көліне дейін, ал батыста Ұлы Жыланшық өзенінің бастауынан шығыста Сарысу өзенінің орта ағысына дейін созылып жатыр.[6.81]

Ұлытау географиялық тұрғыдан белгілі бір тау жотасында оқшауланғанымен, Ұлы таулардың тарихи және саяси маңызы Еуразияның кең байтақ кеңістігіне таралады. Ұлытау темір дәуірі мен орта ғасырларда көшпенділердің осы кең аумақтарға таратқан саяси билігінің маңыздылығын анықтайды. Осы жерден Оғыз қағанының моңғол әскерлері жаулап ала бастады. Ұлы құрғақшылық салдарынан әлсіреп бара жатқан далада өз орындарын іздеп, ғұн ордалары осы жерден өтті. Ұлытау оғыздар ұсынған моңғол мемлекетінің қайта өрлеу орнына айналды. Осы жерден оғыздар қысым көрген қаңғар-печенегтер Украина даласына қоныс аударды. Ұлытау Шыңғыстардың саяси орталығына айналды. Мұнда, 1223 жылы Шыңғыс қаған ең үлкен ұлыс - Жошы ұлысының штаб-пәтерін құрды. [5.238]

Ұлытау аймағы адамзат тарихының көптеген ғасырларында болған оқиғаларды зерттеу тұрғысынан тарихи ғылымда ерекше орын алады. Тарихшылардың айтуынша, Ұлытау Ұлы Дала тарихының мұңғол, қаңғар-печенегтер, оғыздар, ақордина және қазақ кезеңдерінен алынған бай ақпараттық және материалдық қоймасымен танымал. Бұл Сарысу бассейнінің өзендерінің жағалауымен саудагерлер тасымалдайтын тауарлардың тасымалын бақылайтын дала билігінің нығаю орны болды. Соңғы жүз жылдағы археологиялық зерттеулердің нәтижелерін зерттей отырып, біз Ұлытау аймағы алғаш рет орта палеолит дәуірінде (б.з.д. 140 000-40 000 жылдар), Нұх пайғамбардың (Нұх) үлкен топаны болған кезде қоныстанған деген қорытындыға келдік. 100 000 жыл бұрын мұз дәуірінің кенеттен басталуымен су тартылып, Нұхтың ұрпақтары жер бетіне тарады. Оның үлкен ұлы

Яфестің тайпасы қазіргі Қазақстанның кең аумақтарын зерттей бастады. Біздің заманымызға дейінгі 13 мыңжылдық шамасында Солтүстік жарты шардың көп бөлігін жауып тұрған мұздық еріп, мұз дәуірі аяқталды. Ұлытау аймағында алғашқы қоныстар қалыңдығы 2000 метрге дейін мұз еріген кезде пайда болды. Бұл болжам Рашид ад-Дин, Қадірғали Жалаири және Абылғазидің шежірелік жазбаларында келтірілген оқиғалар туралы Құран мен Інжілдегі мәліметтерге сәйкес келуі мүмкін. Жоғарыда аталған шежіре мен шежірелік дәстүрлерге сәйкес, тек кемедегілер ғана су тасқынынан аман қалды, ал Абылғазидің айтуынша, кеме «Джуди деп аталатын тауға» тоқтағаннан кейін «кемеден түскен барлық адамдар ауырып қалды. Нұх пайғамбар, оның үш ұлы және үш келіні сауығып кетті, ал қалғандарының бәрі қайтыс болды». Осыдан кейін Нұх пайғамбар ұлдарын елсіз жерлерге қоныстану және ұрпақ жалғастыру үшін әлемнің әртүрлі бөліктеріне жіберді. Ол үлкен ұлы Яфесті солтүстікке, Хамды Үндістан жеріне, ал Самды Иранға жіберді. Яфес Итил мен Яик өзендерінің арасына қоныстанды. Оның сегіз ұлынан көптеген ұрпақтары болған: Түрік, Хазар, Саклаб, Рус, Мин, Чин, Кемери және Таварих. [4.22-23]

«Жамиғ ат-Таварихте» Рашид ад-Дин Яфестің өмір сүрген кезеңін, көшпеліліктің қалыптасуын оның мемлекетінің негізгі экономикалық құрылымы ретінде баяндайды. Сонымен қатар, шежіреші Яфесті шарифат қағидаттарына негізделген басқару формасын орнатқан билеуші ретінде сипаттайды. Әрине, оқырман қарсылық білдіруі мүмкін: Бұл қалай болуы мүмкін? Ислам VII ғасырда пайда болды, ал қарастырылып отырған оқиғалар одан әлдеқайда бұрын болған. Иә, бұл рас. Бірақ ислам діні ретінде Құдіретті Құдайдың соңғы, нақты хабарынан кейін қалыптасты. Оған дейін Ол жер бетіне 120 000-нан астам пайғамбар жіберді, олар әлемдердің Раббысының сөздерін өз халықтарына түсіндірді. Рашид ад-Дин Яфестің ұлдарын және олардың ұрпақтарын сипаттайды. Үлкен ұлы Түрік тақ мұрагері және киіз үйдің өнертапқышы болды. Бұл баспана көшпелілердің саяхат қашықтығын арттырды, бұл мал басының көбеюіне және көшпелі иеліктердің кеңеюіне әкелді. Оның ұрпақтары осы көшпелі лагерьлердің заңды билеушілері болды, ал Түрік қағанаттарының құрылуы кезінде оның ұрпақтары қоныстанды. Олар ата-бабаларынан мұраға алған кең далалық кеңістіктер. Түріктің төрт ұлы болған: Тұтық, Чегил, Берсенжар және Йемлак. [4.32-34]

Жүргізілген зерттеу Ұлытау өңірінің ономастикалық кеңістігі көне дәуірлерден бүгінгі күнге дейін үздіксіз тарихи сабақтастықта қалыптасқан күрделі әрі көпқабатты құрылым екенін айқын көрсетті. Аймақтағы топонимдер табиғи-ландшафтық ерекшеліктерді ғана емес, өңірдің этникалық құрамын, шаруашылық дәстүрлерін, тарихи оқиғаларын және мәдени жадын да терең бейнелейді. Талдау нәтижесінде Ұлытау топонимдерінің пайда болуында табиғи факторлар, көші-қон процестері, металлургиялық кәсіп, саяси тарих және сакралды кеңістік түсінігі қатар ықпал еткенін байқауға болады.

Ең алдымен, Ұлытаудың табиғи географиясымен байланысты атаулар аймақтың адамзатқа ежелгі дәуірден бері қолайлы орта болғанын дәлелдейді. Кеңгір, Қаракеңгір, Сарыкеңгір сияқты гидронимдер өзен суының түсі мен ағысына қатысты қалыптасқан. Ал Арғанаты, Кішітау, Жалғызтау секілді оронимдер ландшафтың ерекшелігін ғана емес, жергілікті тұрғындардың бұл тауларға сакралды мән бергенін көрсетеді. Мұндай іздер түркі халықтарының ең көне дәуірлерінен бастау алатын «қасиетті тау» түсінігімен астасады. Бұл географиялық атаулардың семантикасы жергілікті табиғат пен шаруашылықтың адам санасында ұзақ сақталғанын дәлелдейді. Екіншіден, этникалық процестер мен тайпалық құрамға қатысты атаулар аймақтың этногенетикалық тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Қыпшақ, Арғын, Қанғар сияқты этнотопонимдер Ұлытаудың түркі тайпаларының қалыптасуында маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Бұл есімдердің жер атауларында сақталуы олардың аймаққа ұзақ уақыт иелік еткенін білдіреді. Этнотопонимдік қабат археологиялық деректермен де үйлеседі: кимақ-қыпшақ дәуірінің қорымдары, қоныстары мен өндіріс орындары аймақта кең таралған. Үшіншіден, Ұлытау өңірінің ономастикасында тарихи тұлғалардың есімдерімен байланысты атаулар мол. Жошы хан, Алаша хан, Едіге, Тоқтамыс сияқты антропотопонимдер аймақтың Алтын Орда мен кейінгі қазақ хандығы кезеңіндегі саяси орталықтардың бірі болғанын дәлелдейді. Бұл тұлғалардың есімдері тек тарихи оқиғалардың куәсі ғана емес, халық жадында сақталған құрметтің белгісі ретінде жергілікті топонимияда тұрақтап қалған. Мұндай атаулардың қазіргі күнге дейін сақталуы Ұлытаудың дала билеушілері үшін стратегиялық әрі символдық мәні жоғары болғанын көрсетеді. Төртіншіден, шаруашылық пен өндіріс тарихына қатысты атаулар да аймақтың мәдени-экономикалық дамуын айғақтайды. Талдысай, Жезді, Байқоңыр сияқты топонимдер ежелгі металлургия, кен өндіру ісі және табиғи ресурстарды игеру дәстүрінің Ұлытауда кең дамығанын дәлелдейді. Талдысай қонысы мен металлургиялық кешендерге жүргізілген археологиялық зерттеулер аймақтағы мыс пен қола өндірісінің дамығанын растайды. Бұл атаулардың семантикасы да осы шаруашылық мәдениетпен тығыз байланысты. Бесіншіден, мифология мен аңыз-әфсаналарға қатысты

атаулар Ұлытаудың рухани мәнін ашады. Құттыбай, Жұрынды, Ембақтау сияқты атаулар халықтың табиғатқа қатысты дәстүрлі түсініктерін, сакралды кеңістікпен байланысты наным-сенімдерін көрсетеді. Мұндай атаулардың болуы Ұлытаудың түркі дүниетанымында «қасиетті мекен» ретінде орныққанын көрсетеді. Жалпы алғанда, Ұлытау өңірінің ономастикалық жүйесі табиғи, этникалық, саяси, мифологиялық және шаруашылық факторлардың өзара қабаттасуы нәтижесінде қалыптасқан көпқырлы тарихи-мәдени кеңістік болып табылады. Бұл атаулардың әрқайсысы өңір тарихының белгілі бір кезеңін көрсетіп, аймақтың тарихи болмысын сақтап тұрған құнды дерек көзіне айналады. Зерттеу нәтижелері Ұлытау топонимдері арқылы қазақ халқының этногенезін, тарихи жадын, рухани дүниетанымын және мәдени тағдырын тереңірек түсінуге болатынын дәлелдейді.

Зерттеу барысында Ұлытау өңірінің ономастикалық картасы - тарихи, мәдени және табиғи факторлардың біртұтас көрінісі екені айқындалды. Жер-су атаулары тек географиялық нысандарды бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге өңірдің этникалық тарихын, тайпалық құрылымын, шаруашылық дәстүрлерін және рухани мәдениетін сақтап келгені анықталды. Кеңгір, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Кішітау, Арғанаты сияқты атаулар табиғи ландшафт пен су көздерінің ерекшеліктерін білдірсе, Талдысай, Жезді, Байқоңыр сияқты ономастикалық нысандар адамзаттың еңбек мәдениеті мен металлургиялық дәстүрін көрсетеді. Сонымен қатар, Жошы, Алаша, Тоқтамыс сияқты тарихи тұлғалардың аттары мен этнопонимдер Ұлытаудың саяси және әлеуметтік маңызын айқындайды. Бұл атаулар халық жадында сақталған тарихи символдар ретінде ғана емес, тарихи кезеңдердің куәсі ретінде де маңызды. Мифологиялық және аңыздық атаулар (Құттыбай, Жұрынды, Ембақтау) өңірдің рухани мәнін аша отырып, түркі халықтарының табиғатқа және кеңістікке деген көзқарасын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Ұлытау ономастикасы тек тілдік құбылыс қана емес, сонымен бірге тарихи-мәдени сабақтастықтың, этнографиялық дәстүрлердің және экономикалық өмірдің көрінісі болып табылады. Бұл атаулар арқылы өңірдің ежелгі замандардан бері қалыптасқан әлеуметтік құрылымын, тайпалар арасындағы өзара қатынастарды, халықтың табиғатпен және кеңістікпен байланысын түсінуге болады. Қорыта айтқанда, Ұлытау өңіріндегі жер-су атауларын зерттеу тек топонимиялық деректерді жинақтаумен шектелмей, қазақ халқының тарихи жадын, мәдени дәстүрін және рухани мұрасын танудың маңызды құралы болып отыр. Мұндай зерттеулер ұлттық тарихты тереңірек түсінуге, тілдік және мәдени саясатты нығайтуға, сондай-ақ өңірдің ғылыми, тарихи және мәдени әлеуетін сақтау мен дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлжанов Т.М., Сәтбаева М.К. Қаныш Сәтбаев - қазақ елінің тұлғасы. Алматы: Ғылым ғылыми баспа орталығы, 2002. 164 б.
2. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер-судың аты - тарихтың хаты: ересек балаларға арналған танымдық кітап. Алматы: Балауса, 1994. 64 б.
3. Әбілғазы «Түрік шежіресі». Алматы: «Ана тілі», 1992. - 203 б.
4. Мұхтар Бакытұлы. *Кочевническая история Ұлытау*. Алматы: Ridero, 2021. 364 б.
5. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966.
6. Акишев К.А. Перспективы изучения позднесредневековых городов Казахстана. В книге: Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983.

К.М. БАЙПАКОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАРШРУТТАРЫ МЕН ТАРМАҚТАРЫ

Аманғалиев М.Ж.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

Электрондық адресі: amangalievmediar80@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан аумағы арқылы өткен Ұлы Жібек жолының тарихи эволюциясы, оның бағыттары мен тармақтарының қалыптасуы, сондай-ақ ортағасырлық қалалардың дамуына тигізген ықпалы қарастырылады. Зерттеудің негізгі өзегі - К.М. Байпаков еңбектеріне сүйене отырып, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Сырдария бойы және Сарыарқа аумақтарындағы керуен жолдарының құрылымы мен тарихи маңызын ашу. Ежелгі дәуірде Еуразия кеңістігіндегі сауда айырбас сипатында қалыптасып, кейін тұрақты сауда жүйесіне айналғаны көрсетіледі. Сауда